



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 6 қараша

### Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша 2017 жылғы 27 қазан – 3 қараша аралығындағы шолу<sup>1</sup>

3 қарашадағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,1%-ға (334,4-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 334,1 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 27 қазан – 3 қараша аралығындағы маңызды оқиғалар Каталониядағы жағдайдың ушығуы, Англия Банкінің монетарлық саясатының шешімі бойынша отырыс, Д.Трампың Джером Пауэллді Федералдық Резервтік Жүйенің келесі төрағасының рөліне ұсынуы, сондай-ақ Д.Трамп ұсынған салық реформасының тетіктері бойынша деректердің жария етілуі болды. Аталған факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда нығаюы үрдісіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қатысты серпіні былай қалыптасты:


- **түрік лирасы** тұтыну бағасының базалық индексінің 13 жылдық ең жоғары өсуі аясында 11,82% деңгейге жетіп 2,6%-ға (3,79-дан 3,89-ға дейін) әлсіреді (жылға жыл);
- **Бразилия реалы** орталық банктің базалық мөлшерлемені 7,50%-дық деңгейде сақтау туралы шешімінен кейін монетарлық саясаттың бұдан былай белгісіздігі аясында 2,4%-ға (3,24-тен 3,31-ға) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 1,7%-ға (58,07-ден 59,07-ге) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** 0,8%-ға (14,10-нан 14,22-ға) әлсіреді;
- **Мексика песосы** 0,4%-ға (19,13-тен 19,20-ға) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 0,8%-ға (65,05-тен 64,55-ға) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 0,9%-ға (13 618 -ден 13 525-ға) нығайды.

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдер валюталары

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %  
(2017 жылғы 27 қазан - 03 қараша)**



Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)